

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**  
**Мамандығы: Құқықтану**

**Пән: Конституциялық құқық**

**Глоссарий**

**Конституциялық құқық** - конституциялық құрылыс негіздерін, жеке адамдардың құқықтық жағдайының негіздерін, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздерін реттеп, бекітетін нормалардың жиынтығын білдіретін құқық саласы.

**Конституциялық құқықтың реттеу пәні** - Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар жиынтығы: ҚР конституциялық құрылысының негіздері, жеке адамның құқықтық жағдайының негіздері, мемлекеттік билік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері; жергілікті өзін-өзі басқару негіздері, сайлау құқығы мен сайлау жүйесі, әкімшілік-аумақтық құрылыс

**Конституциялық құқықтың реттеу тәсілі** - конституциялық құқық нормаларының оның пәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттеп, бекітетін амал, әдістерінің жиынтығы

**Конституциялық құқықтық норма** - конституциялық құқықтың пәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттейтін жалпыға міндетті, нысанды анықталған, мемлекеттің мәжбір ету күшімен қамтамасыз етілетін жүріс-тұрыс ережесі

**Конституциялық құқықтың қайнар көздері** - конституциялық құқықтық нормалардан тұратын нормативтік құқықтық актілер

**Конституциялық заңдылық** - нормативтік ережелердің Конституция талаптарына нақты сәйкес келуі және қоғамдық қатынасқа қатысушылардың Конституция нормаларын сөзсіз орындауы және сақтауы.

**Конституциялық жауаптылық** - конституциялық құқық нормаларын бұзғаны үшін тұлғаларға қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.

**Конституциялық құқық бұзушылық** - жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқық нормаларын бұзатын құқыққа қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі.

**Конституция** - мемлекет өмірінің негізгі бастауларын – мемлекеттің құрылысын, саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздерін бекітетін, адамның қоғамдағы алатын орнын байқататын мемлекеттің негізгі заңы

**Заң** - маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, ҚР Конституциясында көзделген түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін, ҚР Парламенті (Конституцияда анықталған жағдайда республика Президенті, республикалық референдум) қабылдайтын нормативтік құқықтық акт.

**Конституциялық заң** - ҚР Конституциясында конституциялық деп аталған, неғұрлым маңызды қатынастарды реттейтін және күрделендірілген тәртіппен қабылданатын акт

**Азаматтық** - өзара құқықтар мен міндеттер туындайтын, мемлекет пен жеке адам арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланыс

**Апатрид** - азаматтығы жоқ адам

**Бипатрид** - бірнеше азаматтығы бар адам

**Филиация** - азаматтықты тууы бойынша алу

**Оптация** - азаматтықты таңдау

**Трансферт** - бір мемлекеттің аумағының басқа мемлекетке өтуіне байланысты тиісті аумақта тұратын халықтың азаматтығының автоматты түрде ауысуы

**Натурализация** - азаматтыққа қабылдану

**Реинтерграция** - бұрынғы азаматтығын қалпына келтіру

**Репатриация** - белгілі бір ұлттың өзінің тарихи отанына қайтып оралуы

**Шетел азаматы** - ҚР азаматы болып табылмайтын, басқа мемлекетке тәндігін дәлелдейтін құжаты бар адам

**Азаматтығы жоқ адам** - ҚР аумағында жүрген, оның азаматы болып табылмайтын әрі өзінің қандай да бір мемлекетке қатыстылығына дәлелі жоқ адам

**Саяси жүйе** - көмегімен халық өзінің мемлекеттік, саяси билігін жүзеге асыратын мемлекеттік, саяси және қоғамдық ұйымдардың жиынтығы.

**Қоғамдық бірлестіктер** - мүдделерінің ортақтығы негізінде, ерікті түрде бірігуінің нәтижесінде құрылатын азаматтардың еркін бірігулері.

**Саяси партия** - азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі

**ҚР мемлекеттік рәміздері** - мемлекеттер мен ынтымақтас ұлттардың дүниежүзілік қауымдастығындағы мемлекеттің егемендік абыройын айғақтайтын ресми айырым белгілері

**Сайлау құқығы** - азаматтардың ҚР Президентін, Парламент пен маслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға қатысу құқығы

**Сайлау жүйесі** - бұл мемлекеттің өкілді, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен сайланбалы лауазымды тұлғасын (Президент) құрудың заңмен бекітілген тәртібі, яғни кандидаттарды ұсыну мен дауыстарды санаудың жүйесі.

**Белсенді сайлау құқығы** - ҚР Президентін, Парламент пен маслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау құқығы

**Бәсең сайлау құқығы** - ҚР Президентігіне, Парламент пен маслихат депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне сайлану құқығы

**Сайлау органдары** - Қазақстанда сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын сайлау комиссиялары

**Орталық сайлау комиссиясы** - сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық ететін және тұрақты жұмыс істейтін республикалық сайлау органы

**Аумақтық сайлау комиссиялары** - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары

**Округтік сайлау комиссиялары** - сайлау округтерінде маслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін орган

**Учаскелік сайлау комиссиясы** - тиісті сайлау учаскелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және маслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін орган

**Жалпыға бірдей сайлау құқығы** - кәмелетке толған, іс-әрекетке қабілетті және сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырмаған ҚР азаматтарының сайлауға қатысу құқығы

**Тең сайлау құқығы** - сайлаушылардың сайлауға тең негізде қатысуы және олардың бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір (тең) дауысқа ие болуы

**Төте сайлау құқығы** - ҚР Президентін, Мәжіліс пен маслихат депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтардың тікелей сайлауы

**Жанама сайлау құқығы** - Сенат депутаттарын сайлаушылармен құрылатын тандаушылардың сайлауы

**Жасырын дауыс беру** - сайлаушылардың өз сайлау еріктерін жасырын білдіруі және олардың ерік білдіруіне қандай да бір бақылаудың болмауы

**Кезекті сайлау** - тиісті органның не лауазымды тұлғаның өкілеттік мерзімінің аяқталуына қарай өткізілетін сайлау

**Кезектен тыс сайлау** - тиісті органның не лауазымды тұлғаның өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы орай өткізілетін сайлау

**Қосымша сайлау** - шығып қалған депутаттардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің орнына сайлау.

**Ішінара сайлау** - алқалы сайланбалы органды ішінара жаңарту (ротация) мақсатында өткізілетін сайлау.

**Сайлау цензі** - сайлау құқығына ие болуы үшін азаматтар сай келуі тиісті заңмен белгіленген шарттар

**Қайта дауыс беру** - сайлау бюллетеніне екіден артық кандидат енгізіліп, олардың бір де біреуі сайланбай қалған жағдайда ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша өткізілетін қосымша дауыс беру

**Қайта сайлау** - сайлау жарамсыз деп танылған не қайта дауыс беру сайланған тұлғаны анықтауға мүмкіндік бермеген жағдайда немесе дауыс беруге екіден аспайтын кандидат саны қатысып олардың бір де бірі сайланбай қалған жағдайда өткізілетін сайлау

**ҚР Президенті** - мемлекет басшысы, оның ең жоғары лауазымды тұлғасы, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі

**Инаугурация** - Президенттің ант беруі, қызметіне кірісуі

**ҚР Президентінің актілері** - ҚР Президентінің бүкіл республика аумағында міндетті күші бар жарлықтары мен өкімдері

**Промульгация** - Парламент қабылдаған заңға Президенттің қол қоюы

**Ратификация** - Парламенттің республиканың халықаралық шарттарын бекітуі

**Вето құқығы** - Парламент қабылдаған заңға Президенттің қол қоюдан бас тартуы, заңға қарсылық білдіруі

**Экс - Президент** - республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрі, қызметінен кетірілгендерінен басқасы

**ҚР Парламенті** - заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган

**Заң шығару процесі** - заң шығару жөніндегі әрекеттердің сатылары және олардың бірізділігі

**Заң шығару бастамашылығы құқығы** - Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізу

**Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісі** - Парламенттің қарауына заң жобасының және өзге заң актісінің мәтінін енгізуге құқылы ҚР Президенті, Үкіметі мен Парламент депутаттары

**Сессия** - Парламенттің өкілеттіктері жүзеге асырылатын оның қызметінің негізгі ұйымдық құқықтық нысаны

**Кворум** - отырысты құқылы деп тану үшін оған тиісті адамдар (депутаттар, мүшелер) санының қатысуы

**Депутат** - халықтың мемлекеттік билік органдарындағы (парламент, маслихат) уәкілетті өкілі

**Ротация** - Сенат мүшелерінің жартысының әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырылуы

**Депутаттық бірлестіктер** - Парламент депутаттарының саяси партиялардың фракциялары және депутаттық топтар түрінде құратын бірлестіктері

**Фракция** - заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиядан өкілдік ететін, тиісті саяси партияның мүдделерін білдіру мақсатында Парламент Мәжілісінде құрылатын депутаттардың ұйымдасқан тобы

**Депутаттық топ** - депутаттардың өз өкілеттіктерін бірлесіп жүзеге асыруға арналған бірлестігі

**Үкімет** - атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын мемлекеттің жоғарғы атқарушы органы

**ҚР Үкіметінің мүшелері** - Үкімет құрамына кіретін лауазымды тұлғалар (Премьер-Министр, оның орынбасарлары, министрлер және республиканың өзге де лауазымды адамдары)

**Конституциялық қадағалау** - Конституцияның жоғарылығы мен тікелей әрекетін қамтамасыз етуді білдіретін демократиялық институт

**Конституциялық Кеңес** - Республиканың бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган

**Конституция нормаларын ресми түсіндіру** - Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларының мазмұнын, мәнін белгілеу жөніндегі қызметі

**Сот билігі** - азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандар арқылы азаматтардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын билік тармағы

**Жергілікті мемлекеттік басқару** - белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызмет

**Әкімият** - әкім басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган

**Әкім** - жергілікті атқарушы органды басқаратын және өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз ететін, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты ҚР Президенті мен Үкіметінің өкілі.

**Маслихат** - тиісті аумақтың халқымен сайланатын, халықтың еркін білдіретін және заңға сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган

**Маслихат сессиясының төрағасы** - маслихат депутаттарының арасынан сайланатын, маслихат сессиясында ұйымдастырушылық-билік ету қызметін жүзеге асыратын маслихаттың лауазымды адамы

**Маслихаттың хатшысы** - тұрақты негізде жұмыс істейтін маслихаттың лауазымды адамы

**Республикалық референдум** - Конституция, конституциялық заңдар мен мемлекет өміріндегі маңызды мәселелер жөніндегі шешімдердің жобалары бойынша өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру

**Унитарлық мемлекет** - өз ішінде қандай да бір дербес мемлекеттік құрылымы жоқ, аумағы әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлінген бірыңғай мемлекет

**Мемлекеттік егемендік** - мемлекеттік биліктің бірлігін, ішкі және сыртқы қатынастағы үстемдігі мен тәуелсіздігін анықтайтын мемлекеттің мәні

**Зайырлы мемлекет** - мемлекет діннен бөлінген, бір-бірінің істеріне араласпайтын мемлекет

**Әлеуметтік мемлекет** - қызметі қоғамның жоғары әл-ауқаттылығына жетуге, қоғамның мүмкіндіктерін, мүліктік және рухани қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекет.

**Құқықтық мемлекет** - барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, қоғамдық бірлесіктер мен азаматтардың құқықтық нормаларға қатаң сәйкестікте әрекет ету тиістілігін, яғни мемлекетте құқықтық үстемдік етуін білдіретін мемлекет.

**Демократиялық мемлекет** - билік халыққа тән болатын, биліктің жоғары эшолоны халықпен сайланатын, халыққа есепті болатын, саяси әралуандылық, өзін-өзі басқару танылатын мемлекет.